

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 18 сәуір N 514

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 P001428\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 41, 461-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

тақырыбы "қызметкерлерінің" деген сөзден кейін ", сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының" деген сөздермен толықтырылсын; көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік бюджеттің есебінен

ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережеде:

тақырыбы "қызметкерлерінің" деген сөзден кейін ", сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының" деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақтың 2-тармақшасының екінші абзацында:

"мемлекеттік мекемелердің басшылары мен басшыларының орынбасарлары" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары" деген сөздермен толықтырылсын;

"бес есе" деген сөздер "жеті есе" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК